

Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министірлігі
Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық Қатынастар және Әлем
Тілдері
Университеті



Тақырыбы: « Өмірбаян »

Орындаған: Кульманова М.Н.

Алматы, 2015

МАҚСАТЫ :

Ұсынылған тақырып бойынша құжат түрімен студенттерді таныстыру;

Өмірбаянның жазылу ерекшелігін меңгерту;

Құжат толтыру сауаттылығын арттыру;

Міндеті :

Құжатты дұрыс жаза
білуге үйрету ;

Құжат құрлымын
дұрыс құрастыра
білуге ;

Құжатты жеке басына
орынды қолдана білуге
үйрету ;

Өмірбаян – жеке адамның өмір жолы хронологиялық тәртіпте қысқаша жасалған ресми құжат. Әдетте оқуға түсу, жаңа қызметке орналасу кезінде жазылады.

Өмірбаян үш түрлі болып жазылады .

Адамның өз өмірі
мен қызметі туралы
баяндауы.

Мемуарлар
жазушылардың, өнер,
қоғам қайраткерлерінің
өз өмірін қоғам
өмірімен байланыстыра
баяндауы.

Қоғамға белгілі
қайраткерлердің өмірі
мен шығармашылығы
өз тарапынан емес,
басқа біреулер
тарапынан
баяндалады.

Өмірбаянның бұл
түрі көбінесе
ресми түрде
жазылады да,
көлемі жағынан
шағын болады.

Қ.Байсейітовтың
"Құштар көңіл"(1977)
Жиенқұлованың
«Өмірім менің - өнерім»
(1983) кітаптары
өмірбаянның осы
түріне жатады.

М.
Әуезов «Абай
жолы». С.
Мұқанов -
«Аққан
жұлдыз»,

Мазмұндық – құрылымдық жүйесі :

- Құжаттың аты;
- Өмірбаян жазушының азаматтық қал-жағдайы туралы мәлімет ;
- Білімі ,оқыған оқу орны туралы мәлімет ;
- Кәсіби тәжірибесі және кәсіби біліктілігі ;
- Қоғамдық –саяси қызметі ;
- Қосымша мәліметтер ;
- Отбасы жағдайы туралы мәлімет ;
- Мекен – жайы , аты –жөні , қолы,күні

Өмірбаян

Мен, Дүйсенбаев Еркін Әбдімәлікұлы, 1964 жылы 17 қыркүйекте Екпінді елді мекенінде шаруа отбасында дүниеге келдім. 1971 жылы сол ауылдағы сегізжылдық мектептің 1-сыныбына барып, 1979 жылы Сунақата ауылындағы №194 орта мектепте оқуымды ары қарай жалғастырдым.

1981 жылы Қызылорда қаласындағы Н.В.Гоголь атындағы педагогикалық институтының физика-математика факультетіне оқуға түсіп, оны 1985 жылы математика пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша бітірдім.

Өзімнің еңбек жолымды Жаңақорған ауданы Қандөз елді мекеніндегі №240 мектепте физика және математика пәні мұғалімі болып бастадым. 1986 жылы өз ауылымдағы №166 орта мектепке бастауыш сынып, сонан соң математика пәні мұғалімі болып ауысып, 1990 жылдан сол жерде мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, 1992 жылдан мектеп директоры қызметтерін атқардым.

2002 жылдың қаңтарында Жаңақорған аудандық білім бөліміне инновациялық “Жаңару” орталығына жетекші болып ауысып, сол жылдың қыркүйегінде конкурстық негізінде облыстық кадрлар біліктілігін арттыру және ақпараттық технологиялар институтына кабинет меңгерушісі болып тағайындалдым. 2006 жылдың қазан айынан бастап, осы облыстық білім беру қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және қайта даярлау институты директорының орынбасары қызметін атқарып келемін.

«Тентек шоқпар жинайды» дегендей, қазір ересектерге арналған ертегілер, шағын әзіл әңгімелер, түрлі тақырыптарда нақыл сөздер және аңыздар желісімен құрылған жұмбақтар, қызықты оқиғалар мен таңғажайып құбылыстар жайында деректер жинап жүрмін. Ойым – жинақтап, кітапша етіп шығару. Өлең-жырды көңіл-күй мен жағдайға байланысты сиректеу жазамын.

Отбасылымын, жұбайым және төрт қызым бар.

1. Керекті тілдік бірліктерді қойып, көшіріп жазыңыздар .

Мен, Әділ Өміржанұлы Асқарбеков ,1980 жылы 24 қыркүйекте Қызылорда облысы Арал қаласындаӘкем ,Өміржан Асқарбеков, 1940 жылы , Арал қалалық әлқуметтік қамсыздандыру бөлімінде Шешем ,Жансая Асқарбекова ,1943 жылы туған ,..... . 1997 жылы Арал қаласындағы №5..... Алтын белгімен бітірдім . 1997 жылы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясының жол құрылысы факультетіне

2. Сөздерді мағыналарымен жұптастырыңыз .

1. Туған жылы



Жеке адамның өмір,білімі мен қызметі жазылатын құжат

2. Өмірбаян



Білім беру ісімен айналысатын маман

3. Туған жері



Адамның дүниеге келген жері

4. Төлқұжат



Адамның дүниеге кеген мерзімі

5. Оқытушы



Адамның жеке басын куәландыратын құжат

Төмендегі мәліметтерді толықтыра отырып
өмірбаян жазыңыз.

*Аты –жөніңіз ... Жасыңыз 25 те.
Жезқазған қаласында дүниеге келдіңіз.
Жансүгіров атындағы орта мектепте
оқыдыңыз. Алматы сәулет – құрылыс
институтын бітірдіңіз. Жолдасыңыз 30
жаста , аты – жөні , дәрігер .5 және 3
жаста екі балаңыз бар . Қазіргі
қызметіңіз “ Интер – Инвест ”
акционерлік қоғамының бас инжинерісіз .
Мекен – жайыңыз .*

3. Тест

1. Өмірбаян - құжат .

- А) өкілеттік
- ә) ұйымдық
- б) анықтамалық – ақпараттық
- в) дұрыс жауап жоқ

2. Өмірбаяндағы мәлімет нешінші жақта дайындалады .

- а) бірінші жақта
- ә) екінші жақта
- б) үшінші жақта
- в) дұрыс жауап жоқ

3. Өмірбаян мәтінінде қолданылатын стандарт тілдік бірлік.

- а) жылдар үшін
- ә) жылдар өтті
- б) жылдар өткен соң
- в) жылдар аралығында

4. Өмірбаянда не жазылады ?

- а) еңбек шартын жасау туралы**
- ә) хабарландыру**
- б) өмірі, қызметі ,білімі туралы**
- в) конкурс мерзімі туралы**

5. Өмірбаян қандай сөзден басталып жазылады ?

- а) әкем**
- ә) анам**
- б) мен**
- в) сен**

6. Өмірбаян мәтінінде қолданылатын стандарт тілдік бірлік.

- а) дүниедемін**
- ә) дүниеден кейін**
- б) дүниеге келдім**
- в) дүниенің алдында**

4. Сөйлемдерді дұрыс құрастырыңыз.

*Мен /1984 жылы туылдым/ Маржан
Әмірқызы Елеусізова / Атырау қаласында /
26 қарашада / Әмір Бекболсынұлы Елеусізов
/ дүниеге келген /12 тамызда / Астана
қаласында / 1950 жылы / Әкем / Қазақ /
университетіне /2002 жылы /Әл-
Фараби/атындағы /ұлттық/ түстім/
Қазір/факультетінің /студентімін/4 –
курс/журналистика/
Бір/тұрмыстамын/бар/балам .*

Үйге тапсырма :

Берілген түйіндемені негізге ала отырып, өмірбаян жазыңыздар.

Аты-жөні	Тоқтарбекова Алтынай Құсманқызы
• Туған жылы	1974 жыл 21 қараша
• Туған жері	Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданы, Қарасу ауылы
• Ұлты	қазақ
• Отбасы жағдайы	тұрмыс құрмаған
• Білімі	жоғары
• Бітірген оқу орны	әл-Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік Ұлттық Университеті
• 1994 жыл	бакалавр қазақтілі мен әдебиеті мамандығы
• 1982-1992 жыл	Қарасу орта мектебі
• Мамандығы	қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
• Еңбек өтілі	
• 2000 ж. бүгінге дейін	Алматы бизнес колледжінде қазақ тілі пәнінің оқытушысы
• 1998-2000 ж.	Алматы қ. № 117 мектеп қазақ тілі пәнінің мұғалімі
• Компьютерлік сауаттылығы	компьютерде жұмыс істей білу
• Тілдік дағдылары	ағылшын, араб
• Қызығушылығы	спортпен айналысу, көркем әдебиет оқу
• Мекенжайы	Алматы қаласы, Әуезов көшесі, 21-үй, 57-пәтер

One-lain арқылы үй жұмысына берілетін тапсырма.

- 1 .Өз өмірбаяныңызды жазыңыз .
2. Фразеологизмдерерге түсінік бере отырып , сөйлем құраңыздар .

Дүниеге келді

Кәмелетке толды

Қара жұмыс

Некеге отырды

Ат салысу

Ірге тасын қалады